

МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТТЕГІ ЖЕКЕ ТАБЫС САЛЫҒЫНЫҢ РӨЛІ

Мухтарбек А.Е.

ma33@mail.ru


Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Экономика факультетінің студенттері,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі –Бекболсынова А.С.

Салық жинау — ежелден қалыптасқан қызмет және мемлекеттің өмір сүруінің бірден-бір шарты, сонымен қатар қоғамдық және саяси даму жолындағы өркендеу. Салықтар — кез келген мемлекеттің негізгі кіріс көзі. Негізінен салықтар қоғамның тапқа бөлінуімен қатар пайда болды. Адамзат тарихында бірде-бір мемлекет салықсыз өмір сүріп көрген емес, өйткені қоғамның қажеттіліктерін өтеу үшін қаражат қажет, ал қаражат салық жинаудың нәтижесінде пайда болады. Демек, салықтың көлемі мемлекет қызметтерін өтеу үшін жұмсалған шығындармен анықталады, яғни мемлекеттің атқаратын қызметі көбейген сайын салық та арта түсуде. Салық мәселесі мен салық салудың бай тарихы бар. Салыққа ғылыми көзқарас XVII–XIX ғасырларда пайда болған. Оған дәлелді теориялық экономия классикалық мектебінің ағылшын өкілдері еңбегінен табуға болады: В.Петти, Д.Рикардо, Ф.Аквинский, К.Маркс, Б.Франклин, тағы басқалар. [1]

Салықтар кез-келген өркениетті мемлекеттердің негізгі кіріс көзі. Қазақстан Республикасы аумағында қолданылып жүрген заңды тұлғалардан алынатын барлық салықтар мен алымдардың ішінде табыс салығының алатын орны ерекше. Әлемнің қандай мемлекеті болмасын, барлығында табысқа не пайдаға салық салынады. Бұл экономикалық категориялардың мазмұны, әсіресе олар салық салу объектісі ретінде қызмет атқарса, олар тұрақсыз болады. Жалпы алғанда, пайда дегеніміз шығыстарды шегергеннен кейінгі табыс, ал табыс-шаруашылық субъектілерінің өз тауарын, қызметін, жұмысын сатқаннан түскен түсім. «Табыс» категориясы қашанда «пайда» ұғымынан кең екендігі белгілі.

Қазақстанда қабылданған салықтық есеп ережесіне сәйкес, *табыс* — бұл есепті кезеңдегі активтердің өсуі немесе міндеттемелердің азаюы. Табыс алынған немесе алынуға тиіс өткізу құны бойынша бағаланады. Өткізу құны салық төлеуші мен сатып алушы немесе активтерді қолданушы арасындағы келісіммен анықталады.

Қазақстан Республикасының табыс салықтарының өзгерісін 2018 жылдың 1 қаңтарына берілген мәліметтер мен 2019 жылдың 1 қаңтарына берілген мәліметтер негізінде айырмашылықтарды салыстырайық. Келесі диаграммадан байқай аласыздар.



1-диарагамма. Табысқа салынатын салық бойынша көрсеткіштер[2]


Салыстырмалы көрсетілген деректердің мәнін ашып қарастырсақ, 2018ж 1 қаңтарына сәйкес заңды тұлғалардан алынатын ктс бойынша түсім – 58466млн тг құраған, ал 2019ж 1 қаңтарына сәйкес 100310млн тг құраған, ауытқуы 41844 млн тг, ал төлем көздеріне салынатын табыстан алынатын түсімдер 2018ж 1 қаңтарына сәйкес 2491млн тг, 2019ж 1 қаңтарына сәйкес 3015млн тг құраған ауытқуы 524млн тг, ал бір реттік талон бойынша қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғалардан және төлем көздеріне салынбайтын табыстан алынатын түсімдер 2018ж 1 қаңтарына сәйкес 3854тг, 2019ж 1 қаңтарына сәйкес 5059млн тг құрайды, ауытқуы 1206тг

Еліміздің соңғы статистикалық мәліметтері негізінде талдауды жөн көрдім. Яғни 1 қыркүйек 2019 жылға арналған мөлшерлеме негізінде талдайтын боламын. Мәліметтерді келесі кестеден көре аламыз: [2]

Кесте-1. Жеке табыс салықтардың бюджетке түсімі

№	Жеке табыс салығы	
1.	Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	579 153
2.	Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	491 150
3.	Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы	82 644
		5 358

Қазақстанда алынған салық мөлшерлемелерінің негізінде ктс пен жтс салықтарының айырмашылықтарын қарап көрейік. Яғни, корпоративтік табыс салығы жалпы табыс салығының 66,3 % көлемін алады, ал жеке табыс салығы бойынша 33,6% көлемін қамтиды. Корпоративтік табыс салығының ішінде маңызды рольді заңды тұлғалардың корпоративтік салығы алады. Оның қыркүйек айы бойынша мөлшерлемесі 1 143 520тг алған.



Сурет-1. Жеке табыс салығынан түскен түсімдер бойынша диаграмма

Жеке табыс салығы бойынша салықтық түсімдер көлемі жоғарыдан көріп отырғанымыздай, төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы – 84,8%, төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы – 14,2%, төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы - 1%. [2]

Сонымен, қорытындылай келе, талдауды қарастырғанымыздай мемлекеттік бюджеттің кірістерінде табыс салықтар маңызды рөлді атқаратыны белгілі болды. Табыс салығын төлеудің бюджет үшін үлкен кіріс көзі екенін қазіргі таңда әлемнің барлық мемлекеті мойындап отыр. Әлемдік статистиканы қарастырсақ, бірінші орында Франция мемлекеті 5,5-75% ставкасы негізінде салық жинауда. Әрине, Франциямен салыстырған бізде салықтық ставка біршама төмен.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ілиясов Қ.Қ., Құлпыбаев С. Қаржы: Оқулық. — Алматы, 2005. — 552 б.
2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
<http://www.minfin.gov.kz/>